**ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ**

Жиналыс хаттамасы № 9

Сарқан қ. «06» тамыз 2024 жыл

**ТАҚЫРЫБЫ:**

«Жетісу облысының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның Сарқан ауданы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлерімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің талаптарын сәйкес, сонымен қатар ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-да жүргізілген ішкі талдаудың негізіндегі кәсіпорынның бастығымен бекітілген шаралар жоспарларына сай Заңның және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы» ережесінің қағидаларымен танысу жөніндегі жұмыс.

**ҚАТЫСҚАНДАР:**

ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның Сарқан ауданы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері. Жиналысқа қатысқан жұмыскерлердің саны қосалқы станциясының жұмыскерлері саны бойынша (*осы хаттамаға қосымша бойынша*).

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Комплаенс офицері М.Жасузаков:**

«Облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету станциясы» ШЖҚ МКК-де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызмет туралы ереже (бұдан әрі - ереже) «Облыстық денсаулық сақтау басқармасы» ММ (бұдан әрі - Кәсіпорын) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтануын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Жоғарыда аталып өткен Ережеде бекітілген комплаенс-офицер қызметшісінің функциялары және қызметтің міндеттері туралы түсіндірілді.

Сонымен қатар, Ережеде айқындалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шеңберінде:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына директорлар кеңесінің, байқау кеңесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды деген қағидаттар туралы айытылды.

Ереженің жалпы талаптары түсіндіріліп, қызметкерлерге оларға қатысты жұмыс барысында қандай да бір заңғы қайшы келетін әрекеттер, ұсыныстар орын алған туралы сұралды. Сондай-ақ оларға қатысты осы жұмысқа орналасу кезінде, жалпы жұмыс барысында сыбайлас жемқорлықты туындарытан тәукелдерге ықпал ететін әрекеттер, ұсыныстар, жағдайлар туралы сұралды. Егер осындай деректер орын алған кезде, ол туралы айтып беруін, не болмаса жеке мәлімет ретінде ол туралы (*орын алған жағдайда*) жеткізу туралы ұсынылды. Кәсіпорынның басшы құрам тарапынан оларга тікелей, не болмаса басқада бір тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық заңнамасында көзделген заңсыз әрекеттерге жататын жағдайлар орын алғаны туралы сұралды. Сонымен қатар қосалқы станциясының жұмыскерлеріне олардың тараптарынан егер олар сыбайлас жемқорлықтың, не болмаса оны тудыратын тәукелдерге куә болған жағдайда әрекетсіздік танытса, оларда заңға қайшы келетін іс істегені туралы жеткізілді. Жоғарыда аталып өткен ұсыныстар бойынша жұмыскерлерден мәлімдеме түспеді.

Комплаенс офицер____________________М.Жасузаков

Танысты:

Директор: Пак С.Г.

ҚҰЖАТТАР ҮШІН
БСН 221040046947

*қосымша № 1*

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ
«Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы»
МКК-ның қызметкерлерінің тізімі

| № | Аты-жөні | Лауазымы | Қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | Нағалиев Куандық | Жүргізуші | |
| 2 | Идилов Амантай | Жүргізуші | |
| 3 | Бисмонов Серик | жүргізуші | |
| 4 | Ахметкалиев [illegible] | жүргізуші | |
| 5 | Мусанаров Дидар | жүргізуші | |
| 6 | Қарақасымов Дидар | жүргізуші | |
| 7 | Сарқытбек Әлімбек | Жүргізуші | |
| 8 | Имашев Бахтияр | фельдшер | |
| 9 | Дузбаиров Т.П. | ст. фельдшер | |
| 10 | Скобцов Руслан | фельдшер | |
| 11 | Омаганов Аслан | фельдшер | |
| 12 | Нажикиулы Алан | фельдшер | |
| 13 | Алибай Азамат | фельдшер | |
| 14 | Ильясов Мади | фельдшер | |
| 15 | Захаренко Марина | фельдшер | |
| 16 | Османулы Маулен | фельдшер | |
| 17 | Димарбаев Ерлас | водитель | |
| 18 | | | |
| 19 | | | |
| 20 | | | |
| 21 | | | |
| 22 | | | |
| 23 | | | |
| 24 | | | |
| 25 | | | |
| 26 | | | |
| 27 | | | |
| 28 | | | |
| 29 | | | |
| 30 | | | |
| 31 | | | |
| 32 | | | |
| | | | |
| 33 | | | |
| 34 | | | |
| 35 | | | |
| 36 | | | |